

**Балалар кереуетін сатып алуға қайта
конкурсқа қатысуға жіберілгендігі туралы хаттама**

Астана қ.
Манас 17/1

21.04.2026 ж.
сағ.10.00

Астана қ. әкімдігінің «Мамандандырылған балалар үйі» КММ тауарларды жеткізушіні тандау бойынша конкурсы

1. Конкурстық комиссия келесі құрамында:

Комиссия төрағасы:

Искалиева Жанна Аскаровна - директор

Комиссия төрағасының орынбасары:

Мулдабеков

Серик Габдуллович - директордың әкімшілік-шаруашылық жұмыстары жөніндегі орынбасарының міндетін атқарушы

Комиссия мүшелері:

Ибатоллина - бас есепші

Гульмира Калимуратовна

Абдуллина - қаржы жұмыстары бойынша есепші

Жамал Киньяровна

Джумашева - шаруашылық меңгерушісі

Турсунай Мурзакановна

2026 жылы 21 сәуір сағ. 10.00 де Астана қаласы әкімдігінің «Мамандандырылған балалар үйі» КММ-не балалар кереуетін жеткізушісін тандау бойынша қайта конкурсына қатысуға өтінімдерді қарастырды.

2. Балалар кереуетін сатып алуға қайта конкурсқа қатысуға өтінімдерді берудің соңғы мерзімі өткенге дейін белгіленген мерзімдерде берген мынадай әлеуетті өнім берушілерден конкурсқа қатысуға өтінімдер:

- «Sky-high Inc» ЖШС (Астана қ., Байтұрсынұлы көш., 16 үй. Конкурстық өтінімнің ұсыну уақыты 10.04.2026 ж. сағ. 15.47);

- Абжанов С.С. ЖК (Астана қ., Нұра ауданы, Тұран даңғ., 55-48. Конкурстық өтінімнің ұсыну уақыты 15.04.2026 ж. сағ. 09.03)

конкурстық комиссияның отырысында қатысқандардың барлығына жарияланған.

3. Абжанов С.С. ЖК (Астана қ., Нұра ауданы, Тұран даңғ., 55-48, ЖСН 580530300823, ЖСК KZ13998BTV0000463027, БСК TSESKZKA, «AlatauCityBank» АҚ) конкурстық өтінімі конкурсқа қатысуға өткізілмеді.

Абжанов С.С. ЖК өтінімі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 30 маусымдағы № 412 бұйрығымен бекітілген Баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың тауарлары мен көрсетілетін қызметтерін сатып алу қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтіні анықталды, яғни:

1) конкурсқа қатысу Өтінімінде (жеке тұлға үшін) келесі ескертпелер бар:

- 1-тармағының 5-тармақшасында әлеуетті өнім берушінің ЖСН көрсетілмеген (орыс тіліндегі формасында);

- 2-тармағында конкурстың атауы дұрыс көрсетілмеген, яғни конкурстық құжаттамада көрсетілген атауына сәйкес келмейді («Балалар кереуетін сатып алуға қайта конкурс»);

- 2-тармағында «әлеуетті өнім беруші ретінде қатысуға ниетін және тауарларды жеткізуге келісімін білдіреді» мәтінінен кейін нені екені көрсетілмеген (үлгі формасында «қажеттісін көрсету қажет» деп жазылған);

2) Конкурсқа қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді растайтын құжаттың түпнұсқасы ұсынылмаған, сонымен қатар төлем тапсырмасы көшірмесінде төлеу мақсаты дұрыс көрсетілмеген, яғни конкурстың атауы (Қағидалардың 24-тармағының 4-тармақшасы);

3) әлеуетті өнім берушінің техникалық тапсырмасы күні, қолы және мөрі қойылып ұсынылмаған (Қағидалардың 24-тармағының 5-тармақшасы);

4) өтінімде құжаттар топтамасының соңғы парағына бірінші басшының қолы қойылмаған (Қағидалардың 26-тармағы);

5) Әлеуетті өнім берушімен тауарларды жеткізушіні таңдау өлшемшарттарын пайдалану үшін Қағидалардың 39-тармағына сәйкес ұсынылған:

- Д.С.Абжанов, А.С.Абжановқа жүргізу куәліктері, ГАЗ 33023 2288 мемл. нөмер № 751NBA01, ГАЗ 330202 мемл. нөмер № 324GVA01 автокөліктеріне техникалық паспорттар. Алайда көліктердің меншік құқығын немесе жалға алғанын растайтын құжаттар ұсынылмаған;

- ұсынылған 2024 жылғы 13 маусымдағы №13/06 жеткізу шартына өнім берушімен қол қойылмаған, бұл оның заңды күшін жояды.

4. «Sky-high Inc» ЖШС-нің өтінімі Қағидалардың және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келеді

5. Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға берілген өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша ашық дауыс беру жолымен былай деп шешті:

1) «Sky-high Inc» ЖШС-нің өтінімі конкурсқа қатысуға жіберілсін;

2) Абжанов С.С. ЖК өтінімін Қағидалардың және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейді деп танылсын және Балалар кереуетін сатып алуға қайта конкурсқа қатысуға өткізілмесін.

Осы шешімге дауыс берді:

Қолдады - 5 дауыс (Ж.А. Искалиева, С.Г. Мулдабеков, Г.К. Ибатоллина, Ж.К. Абдуллина, Т.М. Джумашева);

Қарсы - 0 дауыс.

Қолдары:

Ж.А. Искалиева

С.Г. Мулдабеков

Г.К. Ибатоллина

Ж.К. Абдуллина

Т.М. Джумашева

Б.Т. Омаров